

Протокол
Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению о намечаемой
деятельности Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и
регулирования природопользования Западно-Казахстанской области»
«Реконструкция водохранилища на р. Барбастау у с. Жана Омир Теректинского
района ЗКО» от 20 июня 2025 года №KZ48RYS01217148

Дата составления сводной таблицы: 15.07.2025 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 23.06.2025 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 23.06.2025 г. - 14.07.2025 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Аппарат акима Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Западно-Казахстанской области	Замечания и предложения (письмо от 4-12/1150 от 24.06.2025 г.). ««БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 20 маусымдағы №KZ48RYS01217148 өтінішін қарастырып «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен, «Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен, «Жайық – Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен және «Жайық - Каспий су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керектігін және ресми интернет-ресурсқа 2025 жылдың 24 маусымында орналастырылғандығын хабарлаймыз.»
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства индустрии и строительства Республики Казахстан «Запказнедра»	Замечания и предложения (письмо от 24.06.2025 г. №26-10-10-1226) Согласно ст.64 Кодекса Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» № 125-VI ЗРК от 27.12.2017 года, территориальное подразделение Уполномоченного органа по изучению недр, реализует государственную политику в области геологического изучения недр и использования пространства недр. Принимая во внимание вышеизложенное, сообщаем, что Департамент не является заинтересованным государственным органом в намечаемой

		деятельности учреждения.
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию, охране и использованию водных ресурсов Комитета по регулированию, охране и использованию водных ресурсов Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 24.06.2025 г. №28-7/1496) «Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию, охране и использованию водных ресурсов, для реализации намечаемой деятельности ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ЗКО» согласно поданному заявлению, вносит следующие предложения. 1. Реализацию намечаемой деятельности связанной со строительством (или не связанной со строительством) на территории водных объектов и их водоохранных зон и полос (установленных акиматами соответствующих областей) осуществляться учетом ограничений и запретов установленных в соответствии с требованиями статьи 86 Водного кодекса Республики Казахстан, в частности: 1.1. На поверхностных водных объектах запрещаются: проведение операций по недропользованию, за исключением поисково-оценочных работ на подземные воды и их забора, операций по разведке или добыче углеводородов в казахстанском секторе Каспийского моря, а также старательства, добычи соли поваренной, лечебных грязей; загрязнение и засорение радиоактивными и токсичными веществами, твердыми бытовыми и производственными отходами, ядохимикатами, удобрениями, нефтяными, химическими продуктами в твердом и жидком виде, сброс сточных вод, не очищенных до нормативов допустимых сбросов; забор и (или) использование вод без утвержденного водного режима и разрешения на специальное водопользование; купание и санитарная обработка сельскохозяйственных животных; проведение работ, связанных со строительной деятельностью, сельскохозяйственными работами, бурением скважин, санацией поверхностных водных объектов, и иных работ без согласования с бассейновой водной инспекцией; захоронение выведенных из эксплуатации (поврежденных) судов и иных плавучих средств, транспортных средств (их механизмов и частей). 1.2 В пределах водоохранных полос запрещаются: любые виды хозяйственной деятельности, а также предоставление земельных участков для ведения хозяйственной и иной деятельности, за исключением: строительства и эксплуатации: водохозяйственных сооружений и их коммуникаций; мостов, мостовых сооружений; причалов, портов, пирсов и иных объектов инфраструктуры, связанных с деятельностью водного транспорта, охраны рыбных

		ресурсов и других водных животных, рыболовства и аквакультуры; рыбоводных прудов, рыбоводных бассейнов и рыбоводных объектов, а также коммуникаций к ним; детских игровых и спортивных площадок, пляжей, аквапарков и других рекреационных зон без капитального строительства зданий и сооружений; пунктов наблюдения за показателями состояния водных объектов; 2) берегоукрепления, лесоразведения и озеленения; 3) деятельности, разрешенной подпунктом 1) пункта 1 настоящей статьи. 1.3. В пределах водоохраных зон запрещаются: ввод в эксплуатацию новых и реконструированных объектов, не обеспеченных сооружениями и устройствами, предотвращающими загрязнение и засорение поверхностных водных объектов, водоохраных зон и полос; размещение и строительство автозаправочных станций, складов для хранения нефтепродуктов, пунктов технического осмотра, обслуживания, ремонта и мойки транспортных средств и сельскохозяйственной техники; размещение и строительство складов и площадок для хранения удобрений, пестицидов, ядохимикатов, навоза и их применение. При необходимости проведения вынужденной санитарной обработки в водоохраной зоне допускается применение мало- и среднетоксичных нестойких пестицидов; размещение и устройство свалок твердых бытовых и промышленных отходов; размещение кладбищ; выпас сельскохозяйственных животных с превышением нормы нагрузки, размещение животноводческих хозяйств, убойных площадок (площадок по убою сельскохозяйственных животных), скотомогильников (биотермических ям), специальных хранилищ (могильников) пестицидов и тары из-под них; размещение накопителей сточных вод, полей орошения сточными водами, а также других объектов, обуславливающих опасность радиационного, химического, микробиологического, токсикологического и паразитологического загрязнения поверхностных и подземных вод. 2. Объекты, размещение которых не противоречит положениям настоящей статьи, должны быть обеспечены замкнутыми (бессточными) системами технического водоснабжения и (или) сооружениями и устройствами, предотвращающими загрязнение, засорение и истощение водных объектов, водоохраных зон и полос, а также обеспечивающими предупреждение вредного воздействия вод. 3. Порядок хозяйственной деятельности на водных объектах, в водоохраных зонах и полосах
--	--	--

		определяется в рамках проектов, согласованных с бассейновыми водными инспекциями, государственным органом в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, местными исполнительными органами области, города республиканского значения, столицы и иными заинтересованными государственными органами. 4. Проекты строительства транспортных или инженерных коммуникаций через территорию водных объектов должны предусматривать проведение мероприятий, обеспечивающих пропуск паводковых вод, режим эксплуатации водных объектов, предотвращение загрязнения, засорения и истощения вод, предупреждение их вредного воздействия. Согласно Кодекса «О недрах и недропользованию» Республики Казахстан от 1 января 2023 года статьи 25 пункта 1 подпункта 4 запрещается проведение операции по недропользованию на территории водного фонда.»
4	Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 27.07.2025 г. №4-6/903)
5	Департамент по чрезвычайным ситуациям Западно-Казахстанской области Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан	Замечаний и предложений нет (письмо от 26.06.2025 г. №21-15-8-8/3161)
6	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Замечания и предложения (03.07.2025 г. №23-28-8-12/1827-И): «Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іскек осу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулықсақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс берушісі Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз. Сондай-ақ, ведомстводан тыс кешенді сараптама мекемесіне сараптама жасау үшін жұмыс жобасын ұсынған кезде, жоба дайындаушы субъект тарапынан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

		саламаттылығы саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуы және жұмыс жобасында қамтуылуы қажет екенін мәлімдейміз.»
7	Западно-Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (30.06.2025 г. №2-12/388): «Өтініштегі көзделіп отырған қызметтің сипаттамасы бойынша, сұратылып жатырған жер учаскесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына және мемлекеттік орман қорының жерлеріне жатпайды. Бұдан басқа жұмыстарды жүргізу кезінде, 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII ҚРЗ «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36, 45 баптарын және Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 17 бабының талаптарын ескеру қажет екенін қаперіңізге саламыз.»
8	Управление строительства Западно-Казахстанской области	Не представлено

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу баскармасы «реконструкция водохранилища на р. Барбастау у с. Жана Омир Теректинского района ЗКО» белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 20 маусымдағы №KZ48RYS01217148 өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 17.07.2025 г.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 23.06.2025 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: 23.06-14.07.2025 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу баскармасы	Ұсыныстар мен ескертулер (24.06.2025 №4-12/1150 хаты) «БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу баскармасы «Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу баскармасы» мемлекеттік мекемесінің белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 20 маусымдағы №KZ48RYS01217148 өтінішін қарастырып «Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен, «Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен, «Жайық – Каспий облысаралық бассейндік балық

		шаруашылығы инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен және «Жайық - Каспий су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінен келісім алу керектігін және ресми интернет-ресурсқа 2025 жылдың 24 маусымында орналастырылғандығын хабарлаймыз.»
2	Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (24.06.2025 ж. №26-10-10-1226): Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI ҚРЗ «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 64-бабына сәйкес, жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі және жер қойнауын геологиялық зерттеу және жер қойнауын кеңістігін пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаты іске асырады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Департамент мекеменіңжоспарланған қызметіне мүдделі мемлекеттік орган болып табылмайтындығын хабарлаймыз.
3	Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті «Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы»	Ұсыныстар мен ескертулер (24.06.2025 ж. №28-7/1496): «Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы (бұдан әрі – Инспекция) «Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің белгіленіп отырған қызметі туралы 2025 жылғы 20 маусымдағы № KZ48RYS01217148 өтінішіне мынадай ұсыныстар енгізеді. 1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Су кодексінің 86 бабының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: Жерүсті су объектілерінде: 1.1. жерасты суларына іздеу-бағалау жұмыстарын және оларды алуды, Каспий теңізінің қазақстандық секторында көмірсутектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ кен іздеушілікті, ас тұзын, емдік балшықтар өндіруді қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге; радиоактивті және улы заттармен, тұрмыстық қатты және өндірістік қалдықтармен, улы химикаттармен, тыңайтқыштармен, қатты және сұйық түрдегі мұнай, химия өнімдерімен ластауға және қоқыстауға; жол берілетін төгінділер нормативтеріне дейін тазартылмаған сарқынды суларды ағызуға; бекітілген су режимінсіз және арнаулы су пайдалануға рұқсатсыз суды алуға және (немесе) пайдалануға; ауыл шаруашылығы жануарларын тоғытуға және санитариялық өңдеуге; бассейндік су инспекциясының келісімінсіз құрылыс қызметіне, ауыл

	шаруашылығы жұмыстарына, ұңғымаларды бұрғылауға, жерүсті су объектілерін санациялауға байланысты жұмыстарды және өзге де жұмыстарды жүргізуге; пайдаланудан шығарылған (бүлінген) кемелерді және өзге де жүзу құралдарын, көлік құралдарын (олардың тетіктері мен бөліктерін) көмуге тыйым салынады. 1.2. Су қорғау белдеулері шегінде шаруашылық қызметтің кез келген түріне, сондай-ақ шаруашылық және өзге де қызметті жүргізу үшін жер учаскелерін беруге тыйым салынады, бұл тыйымға мынадай жағдайлар: мыналарды: су шаруашылығы құрылысжайлары мен олардың коммуникацияларын; көпірлерді, көпір құрылысжайларын; айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі, балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, балық аулау мен аквашаруашылық қызметіне байланысты өзге де инфрақұрылым объектілерін; балық өсіретін тоғандарды, балық өсіретін бассейндер мен балық өсіретін объектілерді, сондай-ақ оларға коммуникацияларды; ғимараттар мен құрылысжайлардың күрделі құрылысынсыз балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын, жағажайларды, аквапарктерді және басқа да рекреациялық аймақтарды; су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін салу және пайдалану; жағалауды нығайту, ағаш өсіру және көгалдандыру; осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында рұқсат етілген қызмет кірмейді. 1.3. Су қорғау аймақтары шегінде: жерүсті су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге; автожанармай құю станцияларын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасын техникалық қарап-тексеру, оларға қызмет көрсету, жөндеу және жуу пункттерін орналастыруға және салуға; тыңайтқыштарды, пестицидтерді, улы химикаттарды, көңді сақтауға және оларды қолдануға арналған қоймалар мен алаңдарды орналастыруға және салуға тыйым салынады. Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған кезде уыттылығы аз және орташа, жойылуы оңай пестицидтерді қолдануға жол беріледі; тұрмыстық қатты және өнеркәсіптік қалдықтардың үйінділерін орналастыруға және жайғастыруға; зираттарды орналастыруға; жүктеме нормасынан асатын ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға, мал шаруашылықтарын, мал сою алаңдарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарын), мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), пестицидтердің арнаулы қоймаларын (көмінділерін) және олардың ыдыстарын орналастыруға; сарқынды суларды жинақтағыштарды, сарқынды сулармен суару алқаптарын, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының радиациялық,
--	--

		химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық ластану қаупін туғызатын басқа да объектілерді орналастыруға тыйым салынады. 2. Орналастырылуы осы баптың ережелеріне қайшы келмейтін объектілер су объектілерінің, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбайтын, сондай-ақ судың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін техникалық сумен жабдықтаудың тұйық (ағынсыз) жүйелерімен және (немесе) құрылысжайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілуге тиіс. 3. Су объектілеріндегі, су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі шаруашылық қызмет тәртібі бассейндік су инспекцияларымен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген жобалар шеңберінде айқындалады. 4. Көлік немесе инженерлік коммуникацияларды су объектілерінің аумағы арқылы салу жобалары тасқын сулардың өтуін, су объектілерін пайдалану режимін, сулардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбауды, олардың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүргізуді көздеуге тиіс. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға Қазақстан Республикасының Су кодексінің 45 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 25-бабының 1-тармағы 4 тармақшасы бойынша 2023 жылдың 1 қаңтарынан су қоры жерлерінің аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тыйым салынады.»
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (27.06.2025ж. №4-6/903 хаты)
5	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министірлігі Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (26.06.2025 ж. №21-15-8-8/3161 хаты)
6	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (03.07.2025 ж. №23-28-8-12/1827-И хаты): «Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іскек осу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан

		Республикасы Денсаулықсақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ - 49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беру шіюсы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз. Сондай-ақ, ведомстводан тыс кешенді сараптама мекемесіне сараптама жасау үшін жұмыс жобасын ұсынған кезде, жоба дайындаушы субъект тарапынан, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуы және жұмыс жобасында қамтуылуы қажет екенін мәлімдейміз.»
7	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (30.06.2025 ж. №2-12/388 хаты): «Өтініштегі көзделіп отырған қызметтің сипаттамасы бойынша, сұратылып жатырған жер учаскесі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына және мемлекеттік орман қорының жерлеріне жатпайды. Бұдан басқа жұмыстарды жүргізу кезінде, 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII ҚРЗ «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36, 45 баптарын және Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 17 бабының талаптарын ескеру қажет екенін қаперіңізге саламыз.»
8	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсынылған жоқ